

Миялы селолық округі әкімінің 2011 жылғы 2 қыркүйектегі № 2 "Миялы селолық округі құрамындағы бөліктеріне атау беру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Миялы ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 24 қарашадағы № 07 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 23 желтоқсанда № 4105 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына және Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 шілдедегі № 121-V "Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, оқшылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Конституциялық Заңына сәйкес, Миялы ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Миялы селолық округі әкімінің 2011 жылғы 2 қыркүйектегі № 2 "Миялы селолық округі құрамындағы бөліктеріне атау беру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-4-119 тіркелген, 2011 жылғы 13 қазандағы "Жем-Сағыз" аудандық газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін :

көрсетілген шешімнің мемлекеттік тілдегі атауында және бүкіл мәтіні бойынша " селолық" сөздері тиісінше "ауылдық" сөзімен ауыстырылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Миялы ауылдық округінің әкімі:

Қ.Әлжан.